


Бекітемін :

Мектеп директоры  Ж.Нұрымбет



« Наурыз - думан »

Дайындаған: Каден Гулбахыт

2021-2022 ж

Ұлыстың ұлы күні мерекесіне орай 5 «А» сыныбы ұйымдастырған

«Наурыз-думан» атты ашық тәрбие сағатының

сценарийі

Тәрбие сағатының мақсаты:

Халықтың салт - дәстүрін, әдет - ғұрпын үйрете отырып, Наурыз қазақтың ұлттық мейрамы екенін ашып көрсету. Оқушылардың санасына халқына деген мақтаныш сезімін ұялату, ана тілін, оның тарихын, өнерін, мәдениетін қастерлеуге, қазақтың салт - дәстүрлері туралы білімдерін кеңейту, сөйлеу шеберлігін жетілдіру, мәнерлеп оқуға дағдыландыру, сахналау өнеріне баулу.

Жүргізуші:

Құрметті ұстаздар, қонақтар, ата - аналар! Ұлыстың Ұлы күні - Наурыз мейрамы құтты болсын! Наурыз - бақтың бастамасы, жақсылықтың жаршысы, өмірге нұр сыйлаған, халық қастерлейтін күн. Ақ түйенің қарны жарылған күн. Наурыз күн мен түннің теңелер мезгілі. Қар еріп, жер жүзі көктеп, көгеріп, тіршілік атаулыға жан бітіп, жасаратын шақ. Бұл ата - бабаларымыз үй - үйді аралап, Наурыз көжеден дәм тататын күн.

Кел, балалар ойнайық,
Наурыз тойын тойлайық.

Баянды боп мереке,

Қыр гүліндей жайнайық - демекші, бүгінгі 5 «А» сыныбында өткізгелі отырған «Наурыз - берекем, Наурыз - мерекем!» атты мерекелік думанға қош келдіңіздер!!

Бата

Ұлыс оң болсын,

Ақ мол болсын!

Қайда барсаң да жол болсын!

Ұлыс бақты болсын,

Төрт түлік ақты болсын!

Ұлыс береке берсін,

Бәле-жала жерге енсін! (Қуаныш)

1. Уа, жарандар, жарандар,

Бәрің бермен қараңдар!

Сөзіме құлақ салыңдар,

Естіп, ұғып алыңдар! (Алихан)

2. Ұлыстың ұлы тойы басталды ағайын!

Үлкеннен бата алып,

Ұл-қызымызға бақ тілейтін күн ағайын! (Диас)

1. Уа, ағайын,

Наурыз тойға барыңдар!

Көжесіне қаныңдар!

Алпыс үйдің басы бар,

Алпыс түрлі асы бар,

Бірі шекер, бірі бал! (Алихан)

2. Тойға барсаң бұрын бар,

Бұрын барсаң орын бар!

Жұрттан бұрын барып қал! (Диас)

О, жарандар, жарандар,

Бәрің мұнда қараңдар.

Наурыз тойы басталды,
Текке қарап тұрмаңдар.
Әуелесін армандар,
Үміті от боп жанғандар.
Бақ дарып, Қызыр карасын.
Мерекеден қалмаңдар. (Гүлсара)
О, жарандар, жарандар,
Тамашадан қалмаңдар,
Құс қанатты көңілмен,
Жер әлемді шарлаңдар.
Оятып шың мен асқарды,
Ерітіп мұз бен ақ қарды
Нұрландырған даланы,
Наурыз көктем басталды.
Уа, халайық, халайық,
Ақ сандықты ашайық.
Бұл мереке бұл тойдың,
Шауларын шашайық! (Ұлдана)

Жүргізуші:

Наурыз – қазақ дәстүрлері жаңғырып, өзінше кеңейе түсетін мереке. Наурызда халық үй-үйді аралап, көрісіп-құшақтасып, наурыз көже ішіп, мәре-сәре болады. Көрініс. ✓

Жүргізуші:

Жана нұр, наурыз атты мерекеміз.
Құт боп кірер, әр үйге берекеміз.
Тілеймін, ұзақ ғұмыр, бақытты күн,
Құтты болсын ағайын мерекеміз!

Алдарыңызда әсем әндерімен келген аруларымыз Құрбанбай Аяжан, Есқуат Айғаным, Тәжімұрат Нұрайым «Әриайдай» әнімен. ✓

1-оқушы:

Көргенде қуанасың таза ауаны,
Құлаққа естілгендей жаз әуені.
Жыл сайын тойланатын мәңгі – бақи,
Наурызың құтты болсын, қазақ елі.
Жақсылық жүрегіне жыр еселер,
Биікке шарықтатар киелі өнер,
Наурызың құтты болсын, апа - әкелер,
Наурызың құтты болсын, ата - әжелер. (Тимур) ✓

2-оқушы:

Келді Наурыз даладай кеңдігімен,
Көк байрағы желбіреп желді күнмен.
Тәуелсіздік ұранын аспандатқан
Айналамын, Тендігім, Елдігімнен.
Арайыңдай көрінген таңғы үміттің,
Басын қостың сан халық, сан бір ұлттың.
Жарқырай бер, жер-көкте, жаса Наурыз
Ұлт достық мейрамы мәңгіліктің. (Жаннұр) ✓

3-оқушы:

Келіндер, Наурыз күнін қарсы алайық,
Билейік, жыр жырлайық, ән салайық.
Қаһарлы қыстан өтіп, Наурыз келді,
Арқанды кеңге созшы, уа халайық.
Наурызым міне келді жайрандаған,
Ынтымақ пен достық бір сайрандаған
Мол дастархан ақ ниет ырыс толған,
Көктемнің бұл күніне қайран қалам. (Бағдаулет) ✓

Жүргізуші:

Ал, халайық тұрмайық,
Өндетейік, шырқайық
Дөңгелесін бишілер,
Ортамызды ашайық. Ендігі тамашалайтындарыңыз «Қара жорға» биі.
Қол соғып, қошеметпен қарсы алыңыздар. (Каусар К., Каусар У., Мерей, Нұрай,
Айғаным. ✓
Алихан, Диас, Тимур, Бағдаулет, Қуаныш)

1-оқушы:

Мен-қазақпын, Абаймын, Құнанбаймын!
Мәңгілік құламайтын шынардаймын.
Бүкіл әлем бәрі де естіп алсын,
Мың мәрте қазақпын деп ұрандаймын.
Мен-қазақпын, Қайратпын, елім деген,
Ел үшін ешнәрседен шегінбеген.
Мен қазақпын деп тұрғам қаймықпастан,
Бетпе-бет келген кезде өлімменен.
Мен-қазақпын, Ербол, Қайратпын мен,
Өмірді ауыстырдым азат күнмен.
Досым да, дұшпаным да естіп алсын,
Мен – қазақпын!
Қазақпын! Қазақпын мен.....! (Медеу)

2-оқушы: Мен қазақпын

Мен-қазақпын, жаныммен, жүрегіммен,
Еңбек өмір, ер өмір, жыр өмірмен.
Алабөтен болмаймын өзгелерден,
Өзгемен бір өзім боп жүремін мен.
Мен қазақпын – даланың ұланымын,
Көк жүзінде самғаған қыранымын.
Қазақтың бар жастарын рухтандырған,
Қайраттай қайсар ұлдың ұранымын! (Хасен) ✓

Жүргізуші:

Қайнарындай қалың қуат, қайраттың,
Сен келдің де ғаламшарды жайнаттың.
Тіршілікке тіл бітіріп өзгеше
Дүниенің бұлбұлдарын сайраттың,- дей отыра, әнші жігіттерді «Қазақ осы» әнімен
сахна төріне шақырамыз. Орынбасар Жеңіс, Орал Медеу, Қанжарбай Хасен) ✓

1-оқушы:

Наурыз той – көктем тойы,көңіл тойы,
Жаксылық болсын дейтін өмір бойы.
Аянбай Наурызға арнап шалып жатыр,
Бар болса қорасында кімнің қойы.
Сәлембердік,жас Наурыз жыл басы,
Жұрттың күткен мінеки ықыласы.
Көжесін құйып күйбендеп, басын асып,
Бермек әркім барынша қонақасы.
Келгендердің құттықтап бірін-бірі,
Қуанышта көрісіп кәрі-жасы.
Көңіл түгіл адамның сен келген соң,
Самарканның елжіреп тұр көктасы. (Айсымбат) ✓

2-оқушы:

Бакыт берсін әрбір жанның басына,
Береке бер,қуат бергін асыма.
Жанымызға жар болса екен жаратқан,
Иман берсін қарты менен жасына.
Жаңа жылға жаңа қадам басайық,
Армандаған белестерден асайық.
Күлімдеумен көк аспанның көгінде,
Күндей болып жылы шуақ шашайық!(Ерасыл) ✓

Жүргізуші:

Өнердің түр-түрі бар,бұл ғаламда,
Өн салады әншілер,қыр далада.
Бишілер мың бұралып билегенде,
Тебіренер сілкініп,жер-ана да.
Биші қыздар тобын ортаға шақырамыз. (Аяжан,Гүлсара,Ұлдана, Жаннұр,Балнұр) ✓

1-оқушы:

Біздің көктем (Мұқағали Макатаев)
Көктем келді ауылға,мамырлап бұлт,
Таң-тамаша дүние,дабырлап жұрт.
Көктем келді. Өмірдің келешегі-
Көкпен бірге дүркіреп төл өседі.
Сағым қыздың ап қашып орамалын,
Асыр сап тентек жігіт жел еседі.
Көктем келіп ауылға қыз көрікті,
Таң-тамаша дүние жүзге еніпті.
Асқар ала таулардан асып әрі,
Аяз атаң барады мұз бөрікті.
Көктем,көктем!Қыз-көктем ауылдағы
Өлең-жыр,әзіл-күлкі ауыл маңы.
Тиянақ таппай ұшқан көк көбелек,
Көк гүлге қонды-дағы дамылдады....(К. Каусар) ✓

2-оқушы

Көктем – ол қуаныштың ізгі лебі (Төлеген Айбергенов)

Көктем – ол қуаныштың ізгі лебі,

Қызғалдақ қыздарға арнап үзіледі.

Аспанда жақсылықтың атын жазып,

Тырналар қатар-қатар тізіледі. (Жеңіс) ✓

3-оқушы

Жазғытұры (Абай Құнанбаев)

Жазғытұры қалмайды қыстың сызы,

Масатыдай құлпырар жердің жүзі.

Жан-жануар, адамзат анталаса,

Ата-анадай елжірер күннің көзі.

Жаздың көркі енеді жыл құсымен,

Жайраңдасып жаз күлер құрбысымен.

Көрден жаңа тұрғандай кемпір мен шал,

Жалбандасар өзінің тұрғысымен.

Қырдағы ел ойдағы елмен араласып,

Күлімдесіп, көрісіп, құшақтасып.

Шаруа қуған жастардың мойыны босап,

Сыбырласып, сырласып, мауқын басып.

Түйе боздап, қой қоздап қорада шу,

Көбелекпен құстарда сайда ду-ду.

Гүл мен ағаш майысып қарағанда,

Сыбыр қағып, бұраңдап ағады су. (У. Каусар) ✓

Жүргізуші:

Құтты болсын, Наурыз тойы!

Барлық жанның орындалсын арман-ойы.

Биылғы жыл құт береке әкеліп,

Еліміздің ұлассын тойға тойы.

Алдарыңызда «Мерекем» әнімен Өмірзақ Каусар, Қарасаева Балнұр. ✓

Жүргізуші:

Елім менен жеріме,

Ырысын шашқан Наурыз.

Күлімдеген көктемге,

Шуағын шашқан Наурыз.

Жеті түрлі дән салып,

Дәм татқызған Наурыз.

Жақсылық тілеп халыққа,

Молшылық қылған Наурыз.

Осымен Ұлыстың ұлы күні мерекесіне дайындаған өнеріміз өз мәресіне жетті.
Көңіл бөліп тамашалағандарыңызға рахмет!

СЦЕНАРИЙ

1. Бата.Шашу. (Қуаныш, Алихан, Диас, Гүлсара, Ұлдана)
2. Көрініс
3. Ән «Әриайдай» (Аяжан, Айғаным, Нұрайым)
4. Поэзия (Тимур, Жаннұр, Бағдаулет)
5. Би «Қара жорға» (Каусар К., Каусар У., Мерей, Нұрай, Айғаным.Алихан, Диас, Тимур, Бағдаулет, Қуаныш)
6. Поэзия. (Медеу, Хасен)
7. Ән «Қазақ осы» (Жеңіс, Хасен, Медеу)
8. Поэзия. (Айсымбат, Ерасыл)
9. Би қыздар тобы. (Аяжан, Гүлсара, Ұлдана, Жаннұр, Балнұр)
10. Поэзия. (Каусар, Жеңіс, Каусар)
11. Ән «Мерекем» (Балнұр, Каусар)



СЦЕНАРИЙ

1. Бата.Шашу. (Қуаныш, Алихан, Диас, Гүлсара,Ұлдана)
2. Көрініс
3. Ән «Әриайдай» (Аяжан, Айғаным, Нұрайым)
4. Поэзия (Тимур, Жаннұр, Бағдаулет)
5. Би «Қара жорға» (Каусар К., Каусар У., Мерей, Нұрай, Айғаным.Алихан, Диас, Тимур, Бағдаулет, Қуаныш)
6. Поэзия. (Медеу, Хасен)
7. Ән «Қазақ осы» (Жеңіс, Хасен, Медеу)
8. Поэзия. (Айсымбат, Ерасыл)
9. Би қыздар тобы. (Аяжан, Гүлсара,Ұлдана, Жаннұр, Балнұр)
- 10.Поэзия. (Каусар, Жеңіс, Каусар)
11. Ән «Мерекем» (Балнұр, Каусар)